



ТҮРПАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№27
(2406)
Сәрсенбі
15 сәуір
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

БАСЫҚАРА ТОҒАНЫНДАҒЫ БАЛЫҚ ШАБАҚТАРЫ ЖАЗДЫҚ ТОҒАНҒА ЖІБЕРІЛУДЕ

Соңғы жылдары Қазалы ауданында тоғанда балық өсіру шаруашылығы жанданып, 2024 жылы Басықара ауылында «Арал Рыбторг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі көлемі 464 гектар балық тоғаны шаруашылығы құрылысын бастаған болатын.

Өткен жылдың қазан айында аталған шаруашылықтың балық өсіру тоғандарына 360 мың дана шабақ әкелініп салынған. Бүгінде қыстық тоғандағы балықтарды жаздық тоғандарға жіберу жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов ауданға арнайы жұмыс сапарымен келген ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының басшысы Пазылбек Нәлібаевпен



бірге тоғандарға балық жіберу жұмыстарын көрді.

«Арал Рыбторг» ЖШС-нің жетекшісі Қуаныш Өмірзақовтың айтуынша алдағы күз айларында

тоғандардан 500 тоннаға жуық тауарлы балық алу жоспарлап отыр. Негізгі мақсат - өсірілген балықтан тауарлы балық шығару және оны халықтың игілігіне жарату.

Қазіргі таңда шаруашылықтағы 4 жаздық тоғанның екеуіне балық жіберілуде. Кәсіпкер 2027 жылға қарай шаруашылықтағы балық тоғандарын іске қосып, жергілікті халықтан 30-ға жуық адамды жұмыспен қамтуды жоспарлап отыр.

Айта кету керек, «Арал-Рыбторг» ЖШС-нің құны 650 млн теңге болатын тауарлы балық өсіру тоғаны жобасы өңірде балық шаруашылығын дамытуға, жергілікті өнім көлемін арттыруға және ауыл шаруашылығы саласының әлеуетін күшейтуге бағытталған. Жалпы тоғанда балық өсіру жобасының 308 млн теңге қаржысы кәсіпкердің өз қаражаты есебінен, қалған 342 млн теңгесі «Байқоңыр әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арқылы несие алуға құжаттары ұсынылып отыр.

ЖАНҚОЖА БАТЫР АУЫЛЫН ТАБИҒИ ГАЗҒА ҚОСУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Қазалы ауданында елді мекендерді газдандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Мәселен, 2024 жылы Абай ауылының тұрғындары көгілдір отынның қуанышына кенеліп, 2025 жылы Ақтан батыр ауылы газға қосылды. Ал, өткен жылы Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түктібаев ауылдарына магистральды газ желілері жүргізілді. Бүгінде магистральды газ құбырларын тарту жұмыстары толықтай аяқталып, елді мекендерде орамшілік газ желілерін жүргізу жұмыстары басталды.

Осыған орай, аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың қатысуымен Жанқожа батыр ауылын табиғи газбен қамтамасыз ету жұмыстарының басталуына арналған салтанатты шара өтті.

Жиында сөз алған аудан басшысы бұл жобаның ауыл тұрғындары үшін маңыздылығын атап өтіп, тұрғындарды көптен күткен қуанышымен құттықтады.

-Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев



өз Жолдауында: «Ауыл – ел бесігі. Ауылдарды дамыту – мемлекеттің стратегиялық басымдығы» екенін атап өтіп, инфрақұрылымды жаңғырту, соның ішінде газ, су, жол мәселелерін шешу – басты міндеттердің бірі екенін нақты тапсырған болатын.

Сыр өңірінде Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының ерекше қолдауымен, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың басшылығымен елді мекендерді сапалы инфрақұрылыммен қамту бағытында кезең-кезеңімен ауқымды жобалар жүзеге асып келеді.

2026 жылы аймақ

басшысының қолдауымен Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түктібаев ауылдарына орамшілік газ желілері құрылысын бастауға республикалық бюджеттен 680 млн теңге қаржы бөлініп, бүгін міне, елді мекендерге орамшілік газ жүргізу жұмыстары басталды.

Жыл соңына дейін ауданда елді мекендерді газбен қамту көрсеткішін 78,5 пайызға жеткізу жоспарланып отыр. Алдағы уақытта Жанқожа батыр ауылы толыққанды көгілдір отынға қосылғаннан кейін, елді мекендегі 280 тұрғын үй мен 9 әлеуметтік нысан көгілдір отынға қосылып,

1600-ге жуық тұрғын көгілдір отынның қуанышына кенелмек. Ауылдағы кәсіпкерлік нысандар табиғи газбен қамтамасыз етілетін болады. Осындай қуанышты сәтте баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Ел игілігі жолындағы жұмыстарымыз берекелі болсын! Ауылымызға құт-береке, әр шаңыраққа жылу мен жайлылық тілеймін!, - деді аудан әкімі.

Аудан басшысынан кейін «Құрмет» орденінің иегері, облыстық мәслихаттың депутаты Ибайдулла Тілеп, Қазалы ауданының Құрметті азаматы, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Берік Бисембаев сөз сөйлеп, жанқожалықтарды көптен күткен қуаныштарымен құттықтады.

Мұнан кейін, шараға жиналған ел ағалары, ауыл тұрғындары елді мекенге орамшілік газ желілерін бастау жұмыстарына куә болып, ауыл ақсақалы Қожас Медеубай игі іске ақ батасын беріп, басталған істің берекелі болуын тіледі.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

3 МАМЫР – ӨКІЛЕТТІГІ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТЫЛҒАН «БІРЛІК» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Бірлік» ауылдық округі әкіміне кандидат Аман Бауыржан Толықболұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Аман Бауыржан Толықболұлы, 1980 жылы 24 қарашада Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келдім. Ұлым қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын. 1987 жылы Әйтеке би кентіндегі №234 мектептің 1-сыныбына қабылданып, 1998 жылы Қожабақы ауылындағы №25 мектепті оқып бітірдім. 1998 - 2003 жылдары Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық аграрлық университетінде білім ал-

дым. 2004 - 2005 жылдары – ҚР. АШМ Қазалы аумақтық басқармасының ветеринариялық инспекторы. 2005 - 2006 жылдары Қазалы аудандық аумақтық ветеринариялық инспекциясының ветеринариялық инспекторы. (Алға ауылдық округі), 2006 -2007 жылдары Қазалы аудандық аумақтық ветеринариялық инспекторы (Аранды ауылдық округі), 2007 -2015 жылдары Қазалы аудандық аумақтық ветеринариялық инспекторы, 2015 жылдан осы уақытқа дейін «Қазалы аудандық ветеринариялық станциясы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының «Бірлік» ауылындағы ветеринариялық пунктін меңгерушісі болып қызмет атқарып келемін.

2002 жылы Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық аграрлық университетінде әскери дайындықтан өттім. 2004 жылы №0183 бұйрығымен «лейтенант» әскери атағын алдым. 2023 жылы №353 бұйрығымен «аға лейтенант» әскери атағын алдым.

Қазалы ауданы, Қожабақы ауылы, М.Еселбаева көшесі, №36 үйдің тұрғынымын. Отбасылым. Жұбайым Өндреева Нұргүл №25 орта мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі.

«Бірлік» ауылдық округі әкіміне кандидат Аман Бауыржан Толықболұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

1.«Бірлік» ауылынан типтік жобадағы спорт кешені мен ауылдық клубты бір ғимарат етіп, құрылысын салу;

Ол үшін тиісті орындарға жоба-сметалық құжаттарын дайындап, қаржы бөлінуіне ықпал етемін.

2.Ауылдағы тозығы жеткен электр бағаналарын, электр желілерін және қосалқы трансформаторлық станцияларды ауыстыруға қаржы бөлуге атсалысамын.

3. Ауылдағы асфальт төселмеген көшелерге қаржы бөлініп, орташа жөндеуді қолға аламын.

4. Ауылда егіс егу мақсатында жеке инвестор арқылы күріш егуді қолға аламын.

5. Ауыл тұрғындарының мал жайылатын жерін тиісті заңдылықтарға сәйкес кеңейтуге күш саламын.

6. Ауылды абаттандыру, көркейту, көгалдандырылуына ықпал етемін.

7.«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ауылдағы «Қоламсақ» бағының санитарлық тазалығын қолға аламын.

8. Ауылдағы тұрмысы төмен отбасыларын әлеуметтік көмектермен қамтамасыз ету және демеушілер арқылы оларға жағдай жасауға ықпал етемін.

9.Ауылдағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы су өткізу каналдарына күрделі жөндеу жүргізіп, жайылым мен шабындықтарды суландыруды қолға аламын.

10. Ауыл жастарын жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту үшін «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы 2,5 пайызбен несие алуына ықпал етемін. Және ауылшаруашылық кооперативтерін құруды қолға аламын.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

«Бірлік» ауылдық округі әкіміне кандидат Сабитова Каламкас Кстаубаевнаның ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Сабитова Каламкас Кстаубаевна 1980 жылы 26 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлихан ауданы, Амангелді ауылында дүниеге келдім. 1986 жылы «Озерный» орта мектебінің 1 сыныбының табалдырығын аттап, 1997 жылы Амангелді орта мектебінің 11 сыныбын тәмамдадым. Сол жылы Көкшетау қаласындағы Ақан сері атындағы мәдениет колледжіне оқуға түсіп, 2000 жылы «Бос уақытты ұйымдастырушы» және

«Театр ұжымының жетекшісі» мамандықтарын алдым.

2013 -2016 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Мәдени – тынығу жұмысы» мамандығы бойынша тәмамдап, Бакалавр академиялық дәрежесі берілді.

2000-2002 жылдары Уәлихан ауылындағы «Агробизнес» колледжінің көркемдік жетекшісі – әдіскер, Уәлихан аудандық мәдениет үйінің әдіскері, 2003 - 2004 жылдары Толбухин орта мектебінің ән пәнінің мұғалімі, 2005 жылы Көкшетау қаласындағы № 18 қазақ орта мектебінің тәрбие ісінің меңгерушісі болып қызмет атқардым.

2009-2014 жылдары Қожабақы ауылдық мәдениет үйінің директоры болып қызмет атқардым.

2014 жылдан осы уақытқа дейін «Қожабақы ауылдық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры болып қызмет атқарамын.

Жолдасым Өтенияз Рүстембек Шарапатулы 1982 жылы Қазалы ауданы, Қожабақы ауылында дүниеге келген. Жұмыссыз. Бес ұл-қызым бар.

«Бірлік» ауылдық округі әкіміне кандидат Сабитова Каламкас Кстаубаевнаның сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын елге насихаттап, халықтың игілігіне арналып қабылданған мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың елді мекенде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

Ауыл халқының ауызбіршілігін нығайтуға, елдегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын сақтауға жұмыс жүргіземін;

Округ тұрғындарының тұрмыс жағдайларын үнемі зерттеп, аз қамтамасыз етілген отбасылардың Қазақстан Республикасы Заңдарымен белгіленген көмектерді пайдалануларына ықпал ету;

Округ көлемінде жастар саясатын жүйелі жүргізу, жастар арасындағы жұмыссыздықты жою, "Дипломмен ауылға" бағдарламасы аясында оқу бітірген жас мамандарды ауылда өз мамандығы бойынша

жұмысқа тарту; Округ көлеміндегі елді мекендердің көшелері мен елді мекен айналасының санитарлық тазалығын сақтау, көркейту, көгалдандыру жұмыстарының үнемі жүргізілуін жолға қою;

Округ көлемінде елді мекендердің инфрақұрылым объектілерінің (автожол, электр энергиясы, көше жарық шамдары, көлік қатынасы) талапқа сай жұмысын ұйымдастыру;

Елді мекенде мал тұқымын асылдандыру, округ көлеміндегі барлық малдарды бірдейлендіру, малдардың түрлі жұқпалы ауруларын болдырмаудың алдын алу бағытында шаралар қабылдау;

Округ көлемінде тұрғындар мен жастар арасында дәстүрлі діни ахуалдың дұрыс болуын басты назарда ұстауға баса көңіл бөлемін.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

3 МАМЫР – ӨКІЛЕТТІГІ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТЫЛҒАН «БІРЛІК» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Бірлік» ауылдық округі әкіміне кандидат Нуржаубаев Ерлан Аскарловичтың ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Нуржаубаев Ерлан Аскарлович 14 қаңтар 1978 жылы Қазалы ауданында дүниеге келдім.

1985 -1995 жылдары Әйтеке би кентіндегі №17 мектепте оқып білім алдым.

Білімім жоғары. 1997-2001 жылдары Шымкент қаласындағы Қазақ-Кувейт университетінің араб тілі және дінтану факультетінде оқып, «дінтанушы» мамандығын алдым.

2005 - 2006 жылдары Қазалы аудандық «Қожаназар ишан» мешітінде іс-басқарушы,

2006 - 2008 жылдары «Қазалы аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің социологы, 2008 -2009 жылдары «Қазалы аудандық денешынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жетекші маман, 2009-2020 жылдары «Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы, 2020 жылдың 8 маусымынан бүгінгі күнге дейін «Қазалы ауданы әкімінің аппараты коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімінің бас инспекторы болып қызметін атқарып келемін. Қарулы күштер қатарында қызмет атқарған жоқпын.

Тұрғылықты мекен-жайым Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінің Жанқожа батыр көшесі, 3 шақырым №77 үй. Зайыбым Назгүл Құдайбергенова, бір ұл, үш қыз тәрбиелеп отырмыз.

«Бірлік» ауылдық округі әкіміне кандидат Нуржаубаев Ерлан Аскарловичтың сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын елге насихаттау, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың елді мекенде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

2) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын мүлтіксіз орындауға;

3) Ауыл халқының ауызбіршілігін нығайтуға, елдегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын сақтауға жұмыс жүргіземін;

4) Ауылдық округ тұрғындарымен үнемі тығыз байланыста болып, олардың мүдделері мен ұсыныс-пікірлерін, өтініштерін Заңнама аясында жоғарғы өкілетті органдарға, құзырлы мекемелерге жеткізуге және олардың орындалуына тікелей атсалысу;

5) Округ тұрғындарының тұрмыс жағдайларын үнемі зерттеп, аз қамтамасыз етілген отбасылардың Қазақстан Республикасы Заңдарымен белгіленген көмектерді пайдалануларына ықпал ету;

6) Округ көлемінде сыбайлас жемқорлықты болдырмау және құқық бұзушылық профилактикасы, оның ішінде ауылдағы тәртіп мәселесін жолға қою, мал ұрлығы, құқық бұзушылықтар мен

қылмыстардың алдын алу үшін ішкі істер органдарымен бірлескен жұмыстарды қолға алу;

7) Қазақстан Республикасының экстремизмге, терроризмге қарсы күрес мәселелері, нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі шараларды ұйымдастыру;

8) Мемлекеттік жастар саясатына байланысты мемлекет пен жастар ұйымдарының өзара байланысын ұйымдастыру;

9) Қоғамдық-саяси және мәдени іс-шаралардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру, ауыл жастарының қоғамдық-саяси ахуалын, әлеуметтік жағдайларын зерттеу мақсатында сауалнамалар жүргізіп, жастар саясаты бойынша сараптамалық материалдар дайындау мақсатында жұмыстар жүргізу;

10) Ауылдық округ көлемінде шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлер жұмысына қолдау көрсету, несие алуына ықпал жасау;

11) Округтегі әр саладағы кәсіпкерлерге жер, салық кодекстері, несие беру, тағы басқа мәселелер бойынша заңдылықтарға түсініктеме беру жұмыстарын ұйымдастыруға ықпал етемін.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

14 КҮН ІШІНДЕ ТАУАРДЫ ҚАЙТАРУҒА БОЛАДЫМА?

Көп тұтынушыға таныс жағдайға тап болады: сатып алынғанына бірнеше күн ғана өтсе де, дүкен тауарды қайтарудан бас тартқан.

Тұтынушы бутиктен 40000 теңгеге көйлек сатып алып, оны сыйлық ретінде алуды жоспарлаған. Сатып алу кезінде ол тауардың өлшемі сәйкес келмеген жағдайда, сатушыдан қайтару мүмкіндігін нақтылаған. Сатушы тауар қолданылмаған жағдайда ғана қайтаруға болатынын айтқан. Алайда үш күннен кейін өлшемі сәйкес келмегендіктен, тұтынушы заңда белгіленген 14 күндік мерзім аясында тауарды қайтаруға келген. Бірақ дүкен қызметкерлері тауарды қайтарудан бас тартқан. Мұндай әрекет — заңға қайшы.

Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңына сәйкес мыналарды:

1) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды;
2) іш киімді;
3) шұлық-ұйық бұйымдарын;
4) жануарлар мен өсімдіктерді;
5) метрлеп сатылатын тауарларды, атап айтқанда, барлық түрдегі талшықтардан жасалған маталарды, тоқыма және перделік кенеп матаны, жасанды теріні, кілем бұйымдарын, тоқыма емес материалдарды, ленталарды, шілтерді, тапаны, сымдарды, бауларды,

көбілдерді, линолеумды, багетті, пленканы, клеенканы;

б) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын қоспағанда, егер тиісті сападағы азық-түліктік емес тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, заттаңбалары, сондай-ақ тауарды сатып алу фактісін растайтын құжат сақталса, егер шартта неғұрлым ұзақ мерзім белгіленбесе, тауар сатып алынған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде сатушы (дайындаушы) оны айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

Аталған жағдайда Департамент мамандары тұтынушыға жазбаша талап-арыз дайындауға көмектесіп, дүкенге заң талаптарын түсіндірген. Нәтижесінде дау тұтынушының пайдасына шешіліп, 40000 теңге толық қайтарылды.

Әр адамның есте сақтауы маңызды:

Тауар ұнамаса — бұл мәселе емес, бұл сіздің заңмен бекітілген құқығыңыз. Ең бастысы — 14 күн мерзімді сақтау және негізсіз бас тартуға жол бермеу.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

МОЖНО ЛИ ВЕРНУТЬ ТОВАР ЗА 14 ДНЕЙ?

Потребители сталкиваются с ситуацией, знакомой многим покупателям: магазин отказывается принимать товар обратно, хотя с момента покупки прошло всего несколько дней.

Потребитель приобрела платье за 40000 тенге в бутике и планировала купить ее в подарок. При покупке она уточнила у продавца, что если размер изделия не подойдет, она сможет его вернуть. Продавец ответил, что товар можно вернуть только в том случае, если он не был в использовании.

Разберёмся просто: это неправомерно.

В соответствии Закона Республики Казахстан «О защите прав потребителей» продавец (изготовитель) обязан обеспечить обмен или возврат недовольственного товара надлежащего качества, если он не был в употреблении, сохранены его товарный вид, потребительские свойства, пломбы, ярлыки, а также документ, подтверждающий факт приобретения товара, в течение четырнадцати календарных дней, если более длительный срок не установлен договором, со дня приобретения товара, за исключением:

1) лекарственных средств и медицинских изделий;

2) нательного белья;
3) чулочно-носочных изделий;

4) животных и растений;
5) метражных товаров, а именно тканей из волокон всех видов, трикотажного и гардинного полотна, меха искусственного, ковровых изделий, нетканых материалов, лент, кружева, тесьмы, проводов, шнуров, кабелей, линолеума, багета, пленки, клеенки;

6) абонентского устройства сотовой связи.

В данном случае специалисты Департамента торговли и защиты прав потребителей помогли оформить письменную претензию и разъяснили магазину требования законодательства. В итоге спор был решён в пользу покупателя — 40000 тенге вернули полностью.

Что важно запомнить каждому:

Если товар не подошёл — это не проблема, а ваше законное право на возврат. Главное — соблюдать срок в 14 дней и не поддаваться на необоснованные отказы.

Департамент торговли и защиты прав потребителей Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан по Кызылординской области

АДАМ ПАПИЛЛОМА ВИРУСЫ

Адам папиллома вирусы (АПВ) 200-ге жуық түрді қамтитын тұқымдас вирустарға жатады. Кейбіреулері адам денсаулығына салыстырмалы түрде қауіпсіз, басқалары онкологиялық процестің дамуын белсендіре алады. АПВ сыртқы жыныс мүшелерінің аурулары арасында ең көп таралған және агрессивті патология. Вирус көмей мен ауыз қуысының, тік ішектің, вульваның және қынаптың, жатыр мойнының қатерлі ісігінің дамуын қоздырады. АПВ инфекциясы ұзақ уақыт бойы симптомсыз болып, ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Көптеген адамдар аурудың клиникалық көрінісінсіз патогенді тасымалдаушы бола алады. АПВ-ны адам өмірінде қайталап жұқтыруы да мүмкін. Өйткені Адам папиллома вирусы (АПВ) инфекциясынан айыққандардың барлығында вирусқа төзімділік қалыптаса бермейді. Көбінесе, аурудың клиникалық белгілері ерте кезеңдерінде пайда болмайды. Әдетте алғашқы белгілері қоздыратын факторлардың әрекетінен кейін пайда болады.

Вирустардың төмен онкогенді штамдары денеде сүйелдер мен тері папилломаларын пайда болдырады. Вирус штамдарының жоғары онкогенді түрлері аногенитальды аймақта, әйелдерде жатыр мойнында және ерлерде жыныс мүшесінде кондиломалардың пайда болуын тудырады. Ағзаға вирустың 16, 18, 31, 33 типті штамының ұзақ уақыт әсер етуінен жатыр мойны дисплазиясына және одан да ауыр ауруға – жатыр мойны обырына әкелуі мүмкін.

Жұғу жолдары. Адам папиллома вирусы (АПВ) тұрмыстық байланыс, жыныстық қатынас және вертикальды жолмен беріледі. Жұқтырған кезде вирус эпителий жасушаларына еніп, бөліну процесін бұзумен әртүрлі аурулардың дамуын белсендіреді. Негізінен, вирус несеп-жыныс жүйесінің органдарына және аноректалды аймаққа әсер етеді. Әйелдер мен еркектер патогенді бірдей жұқтырады.

Негізгі берілу жолы – жыныстық қатынас. Әдетте, Адам папиллома вирусы (АПВ) алғашқы жыныстық

қатынастан кейін жұғады, бірақ инфекцияның басқа жұғу жолдары да анықталған.

Вертикальды жолы – Адам папиллома вирусы (АПВ) жұқтырған әйелдің босану жолы арқылы өту кезінде туылған нәрестеге жұғуы мүмкін;

Аутоинокуляция – эпиляция немесе қырыну кезінде өзіне-өзі жұқтыру (дененің бір аймағынан екіншісіне ауысу) мүмкін;

Тұрмыстық байланыс – Адам папиллома вирусы (АПВ) қоршаған ортада біраз уақыт өмір сүре береді. Сондықтан оларды қоғамдық орындарға (монша, спорт залы, бассейн, тағы басқа) барғанда жұқтыру мүмкін;

Байланыс – инфекция терідегі немесе шырышты қабаттардағы жара беті арқылы жұғуы мүмкін (абразиялар, жаралар, көгерулер);

Жыныстық – инфекцияның жұғуының ең көп таралған жолы.

Кез келген адам вирустық инфекцияны жұқтыруы мүмкін!

Адам папиллома вирусының (АПВ) алдын алу.

Жыныстық қатынаста тек бір жыныстық серіктес болғаны

дұрыс. Бұл әдіс жыныстық жолмен берілетін барлық инфекциялардан, оның ішінде Адам папиллома вирусы Адам папиллома вирусы (АПВ) -дан қорғауға мүмкіндік береді.

Тосқауыл контрацепциясын қолдану – жеңіл, қолжетімді, бірақ әрқашан инфекциядан 100% қорғай бермейді. Науқас тіпті зақымдалған теріге тиген кезде де вирус жұқтыруы мүмкін.

Мерзімді профилактикалық тексерулер.

Қыздар гинекологиялық тексеруден тұрақты түрде өтуі керек. Осылай аурудың алғашқы белгілерін анықтап, оны емдеуді уақтылы бастауға болады.

Вакцинация – тиімді және ыңғайлы профилактикалық әдіс! Ғалымдардың пікірінше, 11-13 жас аралығындағы қыздарды вакцинациялау жатыр мойны обырының даму қаупін 90% - дан астамға төмендетеді.

Сарақұл ШҮКІРӘЛИЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

АУРУХАНАІШІЛІК АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Ауруханаішілік инфекция (немесе нозокомиальды, госпитальды) – дегеніміз бұл науқастың ауруханада емделуі барысында өз сырқатынан басқа сырқатты жұқтырып алуы. Көбінесе үш тәуліктен аса мерзімде дамыса немесе ауруханадан шыққан соңғы үш тәулік бойында байқалса бұл ауруханаішілік инфекция ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, медициналық қызметкері жұмыс істеу барысында қандай да бір жұқпалы аурумен ауырып қалуы (кәсібіне байланысты) да АИИ-ға жатады. Науқас тек ауруханада ғана емес, басқа да емдеу мекемелерінде ем алу немесе тексерілу мақсатымен баруы кезінде ауруханаішілік инфекцияны жұқтырып алуы мүмкін.

АИИ-ның берілу жолдары мен факторлары:

- Ауа-тамшылы (аэрозольды).
- Сулы-алиментарлы.
- Тұрмыстық-қатынастық.
- Жарақаттан кейінгі инфекция.

АИИ-дің қазіргі кезде өсіп-дамуына мына факторлар әсер етеді:

Ірі ауруханалық комплекстердің құрылуы. Аурулардың бір-бірімен күнделікті және тығыз араласуы. Инфекцияны тудырушылардың күшті және жасанды жұғу механизмінің қалыптасуы. Бұл инвазивті емдеу мен диагностикалық процедураға байланысты. Емдеу мен диагностикада стерилизацияның ерекше әдістерін қажет ететін күрделі техниканы қолдану да өз әсерін тигізуде. Инфекциялық ауру туғызушылардың жұғу механизмінің белсенділігі. Әсіресе, емдеу орындарындағы

аурулар мен дәрігерлердің тығыз араласуы кезінде тұрмысты- байланыс және ауа арқылы таралуы мүмкін. Стационарға әлі анықталмаған инфекциялық аурулармен түскен адам инфекцияның негізгі көзі болып табылады. Антимикробтық препараттарды бақылаусыз қолдану, әр түрлі дәрілік заттарға, қоршаған ортаның қолайсыз факторларына бейімделген микрорганизмдердің қалыптасуына әкеліп соғуы мүмкін. Халықтың қоршаған орта өзгерістеріне, өмір сүру шарттарына төзімділігі мен тұрақтылығының (иммунитеттің) төмендеуі де әсер етеді.

АИИ ауруларының деңгейін төмендету профилактикасы келесі жолдармен іске асады:

- диспансерлік бақылау кезінде АИИ анықтау және тіркеу.

• әртүрлі типті стационарларда қауіпті топтарды және қауіпті факторларды анықтау.

• АИИ ауруларының эпидемиологиялық анализін жүргізу.

• медициналық жұмысшылардың спецификалық профилактикасын жүргізу.

Медицина қызметкерлерін вакцинациялаудың инфекцияны алдын-алуда орны ерекше: мысалы гепатит В, қызылша, эпидемиялық паротит, қызылша, полимиелит, іш сүзегі, КВИ сияқты сырқаттарға қарсы вакцинация медицина қызметкерлері толықтай жоғары түрде алуы керек

Мархаба ЖАҚЫП,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

● Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық ардагерлер кеңесі, қоғамдық кеңес және әйелдер кеңесі Қазалы ауданының Құрметті азаматы, филология ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан азамат

ЖАРЫЛҚАҒАНОВ ӘЛІМЖАН МҰРАТБАЙҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

● Көңіл айту

Аймақтық "Тұран-Қазалы" газетінің редакциясы Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Қазалы ауданының құрметті азаматы

ЖАРЫЛҚАҒАНОВ ӘЛІМЖАН МҰРАТБАЙҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛІМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымы жаратқан газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.